

2025 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Абай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 30 маусымдағы № 107 қаулысы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешімнің қолданысқа енгізілу тәртібін 5- тармақтан қараңыз.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16137 болып, тіркелген) сәйкес, Абай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2025 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. 2025 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Абай облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде мемлекеттік және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Абай облысы бойынша филиалына ресми жариялауға және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкіне енгізісін;

2) осы қаулыны Абай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында ресми жарияланғанынан кейін орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтезбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, 1-тармақта туындаған құқықтық қатынастар 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады.

Абай облысының әкімі

Б. Уәли

Абай облысы әкімдігінің
2025 жылғы "___" _____

2025 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

P/c №	Аймақтың атауы	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері				
		Елді мекен	Тәрбиеле-нуш ілер саны	Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)		
				10,5 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	9 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	10,5 сағаттық болу режимі бар түзету топтары
1.	Абай ауданы	ауыл	807	65 012		
2.	Аягөз ауданы	ауыл	697	64 807		
		қала	2 353	58 439		
3.	Бесқарағай ауданы	ауыл	153	65 012		
4.	Бородулиха ауданы	ауыл	631	64 807		
5.	Жарма ауданы	ауыл	855	64 807		
6.	Жаңасемей ауданы	ауыл	95	64 807		
7.	Көкпекті ауданы	ауыл	624	64 602		
8.	Курчатов қаласы	қала	590	58 439		
9.	Семей қаласы	қала	12 183	58 439		
	Семей қаласы түзету тобы	қала	242			105 232
10.	Ақсуат ауданы	ауыл	748	64 602		
11.	Үржар ауданы	ауыл	376	64 602		
12.	Мақаншы ауданы	ауыл	292	64 602		
	Барлығы		20 646			

Абай облысы әкімдігінің
2025 жылғы "___" _____
№ _____ қаулысына
2-қосымша

2025 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

	Айына ата-ананың ақы төлем мөлшері (теңге)
--	--

P/c №	Аймақтың атауы	Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері		
		Тәрбиеленушілер саны	Балабақша / балабақша (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)	Балалардың толық күн болатын шағын орталығы (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)
11.	Абай ауданы	807	3 жасқа дейін-7500, 3 жастан бастап-11500	3 жасқа дейін-6500, 3 жастан бастап-7500
2.	Ақсуат ауданы	748	3 жасқа дейін-18000, 3 жастан бастап-20000	3 жасқа дейін-14500, 3 жастан бастап-15500
3.	Аягөз ауданы	3050	3 жасқа дейін-16000, 3 жастан бастап-17000	3 жасқа дейін-16000, 3 жастан бастап-17000
4 4.	Бесқарағай ауданы	153	3 жасқа дейін-14000, 3 жастан бастап-14000	3 жасқа дейін-14000, 3 жастан бастап-14000
5.	Бородулиха ауданы	631	3 жасқа дейін-13000, 3 жастан бастап-16000	3 жасқа дейін-13000, 3 жастан бастап-16000
6.	Жарма ауданы	855	3 жасқа дейін-13500, 3 жастан бастап-15500	3 жасқа дейін-8000, 3 жастан бастап-9000
7.	Жаңасемей ауданы	95	3 жасқа дейін-14000, 3 жастан бастап-16000	3 жасқа дейін-14000, 3 жастан бастап-16000
8.	Көкпекті ауданы	624	3 жасқа дейін-14500, 3 жастан бастап-14500	3 жасқа дейін-14500, 3 жастан бастап-14500
9.	Курчатов қаласы	590	3 жасқа дейін-19500, 3 жастан бастап-19500	3 жасқа дейін-18000, 3 жастан бастап-18000
10.	Семей қаласы	12 425	3 жасқа дейін-19000, 3 жастан бастап-23500	3 жасқа дейін-19000, 3 жастан бастап-23500
11.	Ұржар ауданы	376	3 жасқа дейін-8000, 3 жастан бастап-16000	3 жасқа дейін-8000, 3 жастан бастап-10500
112.	Мақаншы ауданы	292	3 жасқа дейін-9000, 3 жастан бастап-16000	3 жасқа дейін-7000, 3 жастан бастап-14000
	Барлығы	20 646		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК